

"Ақкөл ауданы Ақкөл қаласы құрамдас бөліктерін және Подлесное ауылы көшелерін қайта атау туралы" Ақкөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № А-12/344 қаулысына және Ақкөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № С 17-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 6 маусымдағы № А-6/154 қаулысы және Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 6 маусымдағы № С 23-1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 маусымда № 6695 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 5-1) тармағына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Ақкөл ауданы Ақкөл қаласы құрамдас бөліктерін және Подлесное ауылы көшелерін қайта атау туралы" Ақкөл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № А-12/344 қаулысына және Ақкөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № С 17-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6305 тіркелген, 2018 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулы және шешімнің атауы жаңа редакцияда мазмұндалсын: "Ақкөл ауданы Ақкөл қаласы құрамдас бөліктерін қайта атау туралы";

2-тармағы күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Ақкөл ауданы әкімі
Ақкөл аудандық
мәслихатының
хатшысы*

Ө.Бертілеуов

Т.Едігенов

Ж.Салыбекова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК